

связано, прежде всего, с кардинальным изменением социально-исторической действительности, обретением художниками подлинной творческой свободы, активным вовлечением национальной литературы в мировой литературный процесс.

1. Акашева С.С. Русская повесть Казахстана 60-80-х годов XX в. (Вопросы жанра и стиля). – Алматы: Алла прима, 2007. – 50 с.

2. Анцыферова О.Ю. Литературная саморефлексия и проблемы ее изучения. – Иваново, 2000. – 234 с.

3. Кожина А.А. Роман Эмили Дворяновой «Passion, или Смерть Алисы» как «женский роман» // В сб. докладов: Текст. Интертекст. Культура. – М.: Азбуковник, 2001. – С. 431-446.

4. Рамбо Патрик. Деревенский дурачок. – Иностранная литература. – 2007. - №2. – С.3-73.

5. Момыш-улы Б. Предисловие. Сновидения чистилища // В кн.: Жаксылыков А. Сны окаянных. Трилогия. – Алматы, 2005. – С.11.

6. Темирболат А.Б. Тенденции развития современного романа Казахстана // Вестник КазНУ. Серия филологическая. 2007.-№4(103).- с.8-12.

7. Алтыбаева С.М. Основные тенденции развития казахской прозы периода независимости: Автореф. дис... канд. филол. наук. Алматы, 2010

8. Есин.А.Б. Принципы и приемы анализа литературного произведения: учеб. пособие. – 9-е изд. – М.: Флинта: Наука, 2008. – 248с.

9. <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1205493840>

10. Каскабасов С. Колыбель искусства. – Алма-Ата: Өнер, 1992. – 368 с.

11. Таханов С. Нравственность и человек: поиск идеала. – Алматы: Простор, 1992. – 118с.

* * *

Осы мақалада қазақ еліміздің тәуелсіздік алған кезеңінен бастап әдебиетте романның жаңа стиль және жанр пайда болу мәселесі қарастырылған. Осымен қатар қазіргі әдеби шығармалар авторларының жүйелік, кеңістік-уақыттық проблемаларын шешу әдістері көрсетілген.

Назира Қыстауқызы

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ АҢ-ҚҰСТАРҒА ҚАТЫСТЫ ЫРМДАРЫ

Түйін сөз: қазақ халқы трихы ұзақ, ұлыттық өзгешелігі айқын мәдениеті бар ұлыттрдың бірі, қазақ халқының мәдениеті сан салалы болып байырғы заманнан тартып аң мен құстарды киелі деп танып оларға сиынудан сырт оны күні бүгінге дейін жалғастырып келеді, сондықтан ұлтымыздың мәдениетін есте сақтауымыз, олардың пайдалы жақтарын жандандыра түсуіміз керек.

Сан ғасырлық тарихы бар, терең де мәнді, өз дүние танымы, әдебі мен талғам түсінігі қалыптасқан, ұрпағына аманат етіп қалдырған бай заттық және рухани мұрасы бар қазақ халқының дала мәдениетінде жаратқан мәдени мұралары көп. Мен бұл мақаламда халқымыздың аң мен құстарды киелі деп танып оларға сиынудан сырт, оны күні бүгінге дейін жалғастырып келуінде қандай бір керемет сырлар жатыр екен деп оқырманмен ой ортақтастырып отырмын.

1. Байғұз түнде ұшатын құс, ол шаңыраққа қонып шақырса, жаман ырымға жатқызады. Ондайда көсеудің ұшын отқа қыздырып: «жамандық қара басыңа көрінсін!» деп отпен аластайды. Байғұздың шаңраққа қонуы қара түнде қараниет тарататын сайтанның сілтемесі деп

қарайды. Бұл сол үйдің шаңрағын шайқалтады деп жаман ырымға балайды. Егер ол қонған шаңрақтан қан дағы байқалса, сол шаңрақты шағып отқа жағады. Әйтпегенде шаңрақтан пәле-қаза айрылмайды деп ырымдайды.

2. Қарға қысты күні үйге қарап қарқылдаса қар жауады, соғым сойылады деп, жаз болса жаңбыр жауады не той болады депте ырымдайды, ал саусқан үйдің төбесіне қонып немесе үйге қарап шықылықтаса үйге қонақ келеді, немесе алысқа кеткен жолаушылар аман-есен ауылға оралады деп ырымдайды, «ақ сөйле, ақ сөйле» деп тілек тілейді.

3. Қазақ «ит-ырыс» деп қарап итті жақсы көріп асырап бағады, итті жеті қазынаның бірі дейді. Ит аюдың және қасқырдың, ұры-қарылардың исі мен дыбысын бір шақырым жерден білетін сезгір хайуан. Адамзаттың итті қолға үйретіп өзіне серік еткеніне неше мың жылдар болған. Қиыр шығыста 3500 жылдың алдындағы Шаң дауірінде ит арқылы аң аулау, негізгі аң аулау тәсілдерінің бірі екендігін саут-сүйек жазуларынан көруге болады.

Қазақ иесінің алдында ит ұрмайды, құрметсіздік саналады. Қазақ тағыда ит адамға қолға

быс тигізетіндіктен, кейін Ол дүниеге барғанда адамның иманына, Бұл дүниеде қол жеткізген сауабына таласады деп кейде ит асырамау қажет депте қарайды. Қазақ өзі баққан итін негізінен басқаға бермейді. Беруге тура келсе күшік береді. Және күт бірге кетеді деп қарғыбауын алып қалады. Ит аспанға қарап ұлыса, сол шаңырақ иесінің өліміне көрінді деп жаман ырымға жориды, «пәле өз басыңмен кетсін» деп итті қарғайды. «Ұлып қалғыр ұлып қал» деп қуып жүріп өлтіреді де, жерді терең қазып көміп тастайды. Үстіне жеті адам жеті қара тас бастырады да, түкіріп безінеді, Онысы иттің пәлесі өзімен бірге кетсін дегені. Ит жатып үрісе, өлім-жітім көп болады, апат туылады, халықты қан шалады, жыл ауыр болады деп ырымдайды да, ақ сарбас қой айтып сойып тілеу тілейді. Жатып үрген иттің басынан асырып оқ атып шошытады, ит опалы саналады, малды күзетіп бөриден қорғайды, жаугершілік кезінде сақтыққа себін тигізеді. Ақыретке барғанда мысық «адам баласы маған кулден басқаны бермейді, оны тозақ отына күйдір» деп иесіне опасыздық етеді екен, сондықтан мысыққа тамақ бергенде шекесінен шертіп алып береді, деген сөз бар. Ал ит құйрығымен отқа су сеуіп, адамды тозақ отынан құтқарады, азаптан арашалайды деген сөз бар. Егер ауылдан атқа мініп аттанғанда, артынан ит ере шықса оны қуып қайтармайды, сапары оң болар деп ырымдайды.

Ит шөп жесе жақсылыққа жориды «ілгері басқанның иті оттайды, кері кеткеннің келіні ұрлық қылады» деген тәмсіл осындай ырыммен тіке қатысты. Қазақта және «ит рлдатар» деген бір кәдесі болған, мұнда күйеуге дайындалған отауға ол алғаш рет қалыңдығына жолығуға келген күйеудің алдынан шығып, сол үйдің итін қорып отауына кіргізген адамға күйеудің беретін кәдесін айтады, және итті үйге кіргізіп төрге шығармайды. Ас ішіп отырғанда есіктен сығалатбайды, иттің демі лас, ауыру таратады, астың берекесін кетіреді деп нанады.

4. Үйге кірген жыланды өлтірмейді, басынан ақ тамызып шығарып жібереді. Оны періште болар деп ойлайды. Ал даладан жылан көрсе қуып жүріп өлтіреді, оны қастық жасайтын қарабас, шұбар түс дұшпан дейді. Түн ішінде сқырмайды, сқырса сырттағы жылан үйдегі дыбысқа қарай үймелейді, жамандық келеді пәле жабысыды деп ырымдайды. Жолаушы кетіп бара жатқанда алдынан кес-кестеген жылан кездесе, оны қуып жүріп өлтіреді. Өлтіре алмай адасып қалса саусағының біріне ине шаншып, қан шығарадыда жол жағасына

тамызып кетеді, жылан сол қанды ішедіде адамға жасайтын қастығынан қайтады, деп ырымдайды. Ордалы жыланның маңына тайап барып соқтықбайды. Ордалы жыланға соқтықсаң ол сені түп-түқияныңмен шағып құртады. Сондай-ақ ордалы жылан, жылан бейнесіне кіріп көктен түскен пері, қор қыздары, пері шамрқанса қол-аяғың тартылады, кем-кетік мүгедек болып қаласын деп ырымдайды.

5. Қазақ халқы үкіні қасиетті құс деп біледі. Оның үлпілдек жүнінен, басынан, сирағынан және қаурсынынан жын шайтан қорқады деп, оны төсектің басына, бесікке бас кимге қадап жүреді. Бұл халқымыздың діндік сенімімен қатысты, мұнда шаман дінінің ықпалы зор болған. Шаман діні көп құдайлы дін, адамдардың хайуанаттарға табынуы маңызды орынды иелеп келген. Мысалы: көкбөріге, аққуға табынған сол сияқты «үкі» де төтем етіліп киесі бар құс, одан жын шайтан қорқады деп қаралған. Міне осылайша тіл-көз тиуден сақтануға ырым етіліп балаларға оның тұмсығын, түйяғын тұмар орнында таққан. Жастардың түскигіз, шымылдығына, жаңа түскен келіннің желегіне үкі мамығы мен қаурсынын тағу салты барлыққа келіп бірте-бірте жалпылық түс алған. Міне бұл ұлтымыз ислам дінін қабылдаудан бұрынғы діни нанымдардан қалған қалдық болып, ислам дінімен тоғысып діндік дәрежеден ығысып, тұрмыс салттағы ырымдарға айналған. Үкіні үйге бүтін денесімен аспайды, оны бөліп қанатын, тұяғын, үкісін іледі. Бүкіл денесімен асып қойса, жамандық әкеледі деген ырым бар. Үкіні кейбір ұлттарда сұмдықтың, жамандықтың келуі депте қарайды.

6. Қазақтың арғы ата-бабалары бөріні өзіне төтем тұтқан сондықтан қасқырды «қасқыр»деп атамай «ит-құс»деп атаған. Оған тіл тигізбейді, балағаттамайды, оны «тәңрдің серісі» деп атайды. Қасқырды төтем тұтатындықтан, малға қасқыр шапса мал өседі. Мал дерт дербезден айығады деп біледі, әуелі малды дерт-дербезден сауықтыру үшін, қасқырдың терісін жамылып, малды үркітіп жын-шайтаннан аластайды. Ата-аналар қасқырдың асығын балалардың иығына тұмар қылып тағады. Бұлда бөрінің киесі баланы «тілдің, көздің сұғынан сақтайды» деген нанымнан келген. Оған табыну қазақтардың арғы ата-бабаларынан басталады. «Ханнаманың» Жаң Чиян тарауында үйсін кунбиі – Елжау биді қасқыр әкетіп Гаучаң елінің солтүстігіндегі үнгірге апарды, деп баяндайтын әңгіме осыған тиек болады. Мұңғылдың Омыне-тоу аймағынан табылған көне түркі жазуындағы тас бетіне егеліп түсірілген ескерткіште жазудың соңғы үш

әріпі өшіп кеткен болсада «қыпшақтың бөрі иесі құтты болсын» деген жазу бар міне бұлар нақты дәлелдер. Сапардағы жолаушылар далаға, жапан түзге қонып, атын қойғанда шылбыры сүйретіп қоя береді. Шылбыры сүйретіліп жүрген атқа қасқыр шаппайды, қасқырдың «ала жіп аттамаймын» деген серті бар деп ырым етеді.

7. Кірпікшешенді киелі деп білу қазақ ұғымында жын-шайтан кірпікшешеннен қор-қады деген ұғым бар, баланы жын-шайтаннан аман есен сақтау үшін, бесіктің басына кір-пікшешеннің тікенін қадайды. Босана алмай жатқан әйелді «жын-албасты басып жатыр» деген ұғыммен оның үстіне кірпікшешеннің тікенін тастайды. Қиыр шығыстық басқада халықтарда кірпіні киелі деп санайды.

8. Көкекке қатысты ырымдар-көкекке тиіспейді, көкек адамнан азған деп біледі, бұл туралы мынадай айтулар бар, бір ауылға күйеу жігіт келіп жатыпты, аяқ-астынан аты жоғалыпты, қалыңдығының сіңілісі жездесінің атын тауып келуге шығыпты, асығып жүргенде бір аяағына өзінің етігін, бір аяағына жездесінің етігін киіп алыпты. Сол қыз көкек құсқа айналып кетіпті, көкектің бір аяағы көк, бір аяағы қызыл болатыны содан деп аңыз етеді, сондықтан көкекті киелі құс деп санайды. Көкек қонған ағаштың бұтағын сындырып алып, майы мол түседі деп піспекке сап қылады немесе оны сындырып алып сабаға салып отырады. Сабадан шыққан дәм тәтті, мол болады деп ырымдайды және де ислам діні шарттарымен байланыстырып былай деп айтады, бұрын Көкек деген жігіт арабияда тұрады екен, Зейнеп деген қыз қиыр шығыста тұрады екен. Олар бір-біріне ынтығып ғашық болыпты, бірақ олар қосыла алмайды, сонымен бұл дүниеден күдерін үзген қызбен жігіт екі құсқа айналған екен, Зейнеп бір құс болып ылғыйда көкек деп шақырады екен, ал меккедегі құс ылғыйда Зейнеп деп сайрайды екен деген айтулар бар.

Қазақ халқында аң аулауға алғаш шыққан адам тұңғыш алған аңын біреуге байламайды,

қанжыға қуарып қалады, қанжыға қанды болмайды, бақ пен несібе басқаға кетеді деген ырым бар. Ал одан кейін алған аңдарын дос-жаран, ағайындарына байлай береді, мұнысы әр қандай істің бастамасы өзімнен болсын, жақсылығыда жамандығыда басқаға көшпесін дегені.

Аққуды, сарала қазды, бұлбұлды және сыңар жүрген құсты ұстамайды, оларды киелі құс деп бағалайды. Кептерге тас лақтырмайды, онда тыныштық бұзылады береке кетеді деп ырымдайды, кептерді перінің қызы, тыныштықтың бейбітшіліктің құсы деп қарайды, бұларды ауласа бүкіл табиғат шамырқанады, заманақыр болады деп қарайды, құс табиғаттың еркесі деп ырымдайды. Жолаушыға айдалада кезіккен анды киелі санайды «абыройлы жігіттің алдынан ажалсыз аң кезігеді» деп ырымдап жақсылыққа балайды. Тұзаққа түсіп үйге қамалып қалған құсты ұстап алған соң басынан үш мәрте айналдырып босатып жібереді, мұнысы өз басында тұрған пәлекет сол құспен бірге ұшып кетсін дегені. Жараланған жыртқыш аңдарға соқтықбайды, жолбарыс, қабылан, аю, қасқыр сияқты жыртқыш аңдар жараланған кезінде бүкіл дүниені құрытардай ызалы күйде жатады. Байқаусызда шамына тисең, жаныңды жалмайды, бағынды қармайды, басқадан қалған ыза-кек басына бәле болып жабысады деп ырымдайды.

Отанның, ұлттың болашағы болған біздер халқымыздың осындай бөгенайы бөлек мәдениеттерін жалғастыра беруіміз керек.

1. «Қазақ халқының салт-дәстүр мәдениет айдыны». Журнал №3.

2. «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін». 2003ж.

3. «Шинжиянда өткен ислам хандықтарының тарихы» Ли Жиншиң Шинжияң халық баспасы 1-басылам.

4. Мұра журналы. 2007ж. №7.

5. «Қазақ тарихы туралы қысқаша шолу». Журнал. №5.

* * *

В статье рассматриваются казахские приметы, связанные с животными и птицами.

* * *

Kazakh signs connected with animals and birds.